Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
«ЛегионТехСервис»
Товарищество с ограниченной ответственностью

Шымкент қаласы, Дінмұхамед Қонаев проспекті, 38 үй, 94 п,

Шыг: №018
« 08 » мамыр 2026 жыл.

«Атырау облысы
Мемлекеттік сатып алу және
коммуналдық меншік басқармасы"
мемлекеттік мекемесіне

"Қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ-і үшін мемлекеттік сатып алу, (техникалық қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметтер) №16821800-1 хабарландыруы бойынша

«ЛегионТехСервис» ЖШС-гі тарапынан, Сіздің мекемеңізге сұраныс хат жазу себебіміз төмендегідей хабарлаймыз:

«Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы" мемлекеттік мекемесімен, (Бұдан-әрі қарай -Ұйымдастырушы) тарапынан, жоғарыда көрсетілген нысанға құрылыс техникалық қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметтері үшін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алулары порталы арқылы ашық конкурс ұйымдастырып **№16821800-1** санды хабарламасын жария еткен.

Ұйымдастырушы мекемесімен, конкурстық құжаттаманың №8-ші қосымшасымен (көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарында) **Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау** талаптары қойылған.

Яғни, аталған конкурстық құжаттаманың 8-ші қосымшасының негізгі талабы **сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшылардың аттестаттары** сұралған .

Бұл бойынша аталған конкурстық құжаттаманың 12-ші қосымшасының талаптарына сәйкес, **инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшылардың аттестаттары** енгізілуі міндеттелінген.

Алайда, аталған конкурстың жеңімпазы “Исаев Л Т” ЖШС-гі және 2-ші орын алған "Ай&Ар құрылыс" ЖШС-гі тарапынан конкурстық құжаттаманың №12 қосымшасында **Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік көрсетілетін**

қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттарын мүлдем ұсынбағандығы белгілі болды *(көшірмесі қосымша жолданады).*

Демек, жеңімпаз мекемесі тарапынан, конкурстық құжаттаманың 12-ші қосымшасы толық толтырылмаған. Талапкер тарапынан, конкурстық құжаттаманың 12-ші қосымшасына мекеменің аккредиттелінген құжаттамасы енгізілген *(көшірмесі қосымша жолданады).*

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 11 бабы, 7-ші тармағы 1, 2, 3 тармақшаларының талаптарына сәйкес, (Әлеуетті өнім беруші және (немесе) тартылатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) мынадай негіздердің бірі бойынша **біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады**):

- әлеуетті өнім берушінің және (немесе) ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) **біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін құжат (құжаттар) ұсынбағанда**, сол сияқты мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмағанда;
- әлеуетті өнім беруші өзінің сәйкестігін растау үшін ұсынған құжаттарда, сол сияқты **мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде қамтылған ақпараттың негізінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеу,** сондай-ақ ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкес келмеу фактісі анықталғанда;
- **анық емес ақпарат беру фактісі анықталғанда**, біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады делінген.

Жоғарыдағылардың негізінде, “Исаев Л Т” ЖШС-гі және "Ай&Ар құрылыс" ЖШС-гі ұсынылған деректер құжаттар конкурстық құжаттаманың біліктілік талабына мүлдем сәйкес (сай) келмейді.

Осыған байланысты, Сізден жоғарыда көрсетілген №16821800-1 ашық конкурсының біліктілік (квалификациялық) талаптарын қайта қаралуына ықпал жасауыңызды сұраймыз.

«Легион ТехСервис»
ЖШС-нің директоры **Д. Сүлейменов**